

**Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы
мен Грузия Кәсіподақтар конфедерациясы
арасындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы
Меморандум**

Астана, Қазақстан

«12» шілде 2025ж.

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы мен Грузия Кәсіподақтар конфедерациясы (бұдан әрі – Тараптар), өзара түсіністікті одан әрі нығайту, ынтымақтастықты, серіктестік қатынастарды және ақпарат алмасуды дамыту мақсатында төмендегілер туралы келісімге келді:

1-бап

Ынтымақтастық Қазақстан Республикасы мен Грузия Республикасының заңнамалық актілеріне, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы мен Грузия Кәсіподақтар конфедерациясының Жарғыларына сәйкес келесі негіздерде жүзеге асырылады:

-тараптардың өзара сыйластығы, тең құқықтылығы және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау қағидаттарын сақтау, бұл екі елдің конституцияларында бекітілген негізгі қағидаттарға негізделеді;

-кәсіптік одақтардың мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан және жұмыс берушілерден тәуелсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын іске асыру;

-ақұқықтарын сақтау, еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделері мен кәсіподақтардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық актілерді, ең алдымен, Біріккен Ұлттар Ұйымының және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) құралдарын сақтау;

-кәсіподақтардың жағдайы мен құқықтарына, еңбекшілердің заңды мүдделеріне қатысты ХЕҰ-ның маңызды Конвенцияларын және ұсынымдарын Тараптардың мемлекеттері тарапынан ратификациялау мен мүлтіксіз сақтауына ықпал ету, сондай-ақ олардың қоғам өмірінде толық жүзеге асырылуына жағдай жасау;

-еңбек адамдарының мүдделерін басшылыққа ала отырып, жұмысшы мен жұмыс берушілер арасындағы қатынастарды реттеу мәселелерінде кәсіподақтардың рөлін арттыру және қабылданатын шаралардың тиімділігін күшейту, сондай-ақ қоғамда еңбек және демократиялық қатынастардың дамуына кәсіподақтардың ықпалын арттыру.

2-бап

Тараптар ынтымақтастықтың негізгі бағыттары ретінде келесі мәселелер бойынша жұмысшылардың әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы тәжірибе алмасуды қарастырады:

- әлеуметтік әріптестік пен қоғамдық бақылаудың нысандары мен әдістерін дамыту;
- жұмыспен қамту мәселелері бойынша белсенді саясат жүргізу;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын ұжымдық-шарттық реттеу;
- еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және гигиенасы, өндірістік экология;
- кәсіподақтық білім беру және кәсіподақ кадрларының біліктілігін арттыру.

3-бап

Ынтымақтастық осы Меморандум шеңберінде мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1. Еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тәжірибесі туралы ақпарат алмасу.

2. Тараптардың өкілдік делегацияларымен өзара алмасу.

3. Бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

4. Екіжақты келісім арқылы айқындалатын ынтымақтастықтың басқа да нысандары.

4-бап

Тараптар еңбекшілердің ажырамас құқықтары, өмір сүру деңгейін арттыру, мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер тарапынан кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін таптауға қарсы күресте ынтымақ танытуда. Осы мақсатта тараптар заңмен рұқсат етілген нысандарда ынтымақтастық акцияларын өткізеді.

5-бап

Тараптар кәсіподақтар жүргізетін зерттеулер және ұсынымдар, әлеуметтік бағдарланған бағдарламалар, еңбекшілердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша тәжірибе мен ақпарат алмасуды жолға қою орынды деп санайды.

6-бап

Тараптар халықаралық ұйымдарда және бірлескен халықаралық іс-шараларда өздерінің іс-қимылдары мен ұстанымдарын мүмкіндігінше келісуді орынды деп санайды. Тараптар халықаралық ынтымақтастық пен әлеуметтік прогресс, демократиялық құқықтар мен кәсіподақ

бостандықтарын қорғау мүддесінде әртүрлі елдер кәсіподақтарының іс-қимылдарының бірлігін нығайтуға жәрдемдеседі.

7-бап

Өзара келісім бойынша Тараптар Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтыруларды осы Меморандумға енгізе алады.

8-бап

Осы Меморандум екі жақты келісім болып табылады және Тараптардың басқа кәсіподақ бірлестіктерімен қарым-қатынастарына әсер етпейді.

Тараптар екінші тарапқа залал келтіретін шараларды қолданбауға міндеттенеді. Қажет болған жағдайда Тараптар осы Меморандумды орындау мәселелері бойынша келіссөздер жүргізеді.


9-бап

Осы Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 3 жыл бойы қолданылады. Егер Тараптардың ешқайсысы оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 ай бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы оны тоқтату ниеті туралы мәлімдемесе, оның қолданылуы келесі үш жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

10-бап

Осы Меморандум қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, бірдей заңды күші бар екі данада жасалды. Меморандум тараптардың өзара келісімі бойынша толықтырылуы немесе өзгертілуі, сондай-ақ оның ережелері бұзылған кезде бұзылуы мүмкін.

**Қазақстан Республикасы
Кәсіподақтар федерациясының
төрағасы**



С. Дәулеталин

**Грузия Кәсіподақтар
конфедерациясының
төрағасы**



И. Петриашвили